Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің
"Аягүл"бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Өткізілді!
08.10.24.

# «Асық ату»Ұлыттық ойындар



Тәрбиеші: Наурызбаева А

2024жыл

*08.10.2024жыл*

# *«Асық ату»Ұлыттық ойындар*

Асық ату-ертеден келе жатқан қазақтың ұлыттық ойындарының бірі. «Мергендік немесе шеңбер жасап ату».Ұлыттық ойындар көбінесе әр халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, шаруашылық мүмкіншіліктеріне байланысты қалыптасқан. Қазақ халқының ұлыттық ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Шаруашылығы мал шаруашылығына негізделгендіктен қазақ халқының ұлыттық ойындары да осыған икемделген. Әсіресе, қойды көп өсіргендіктен, балалар ойынының көбі қой асығымен байланысты болып келеді. Сондықтан асық ойындары ұлт ойындарының ішіндегі арыдан келе жатқан көнелерінің бірі болып табылады. Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдайды.

Қазақтың ойындары туралы ,олардың маңызды жайлы мағлумат беру. Ата-бабамыздың ертеден келе жатқан салт-дәстүрін дәріптеу. Ұлыттық ойындар арқылы балалардың логикалық ойлау, тапқырлық ,ептілік,қабілеттерін дамытуға ықпал ету, сөз қорын молайту. Қазақтың ұлыттық ойындары арқылы балаларды тапқырлыққа ,шапшаңдыққа , ептілікке баулу, салт-дәстур арқылы ой –өрісін дамыту. Ойындар арқылы баланы ұлытжылдыққа ,елін, жерін сүйюге тәрбиелеу.

Ойынды жүргізуші тәрбиеші ойынды бастар алдында «Талапай-ау, талапай, табылды ойын алақай» деп өзі айтады және балалар бірге қайталап, қоржындағы асықтарды отырған балалардың алдына шашады. Балалар жарыса «ханталапай» деп дауыстап , асықтарды таласып бөліп алады. Ойынға он бала қатыса алады.Асықтардың ішінде үлке ерекше қызыл асық болады. Сол асық қай баланың қолына түссе сол бала ойынды бастайды . Ойынның шарты бойынша ойынды бастаушыны анықтау үшін балалардың сақаларын иіреді. Кімнің сақасы бірінші алшы түссе сол бала ойынды бірінші бастайды. Одан әрі қарай ортаға дияметірлі шеңбер сызылады. Шеңбердің ішінде ойынға қатысушы балалар санына байланысты асықтар сызық бойына тізіп қойылады . Ойынды бастаушы бірінші болып өз сақасымен асықтарды құлатуға тырысады. Асықты шиіріп көздеп мергендеп асқтарға тигізу керек. Ортада шеңберде тігілген асықты көздеп мергендеп атып құлатса сол бала тағы асық ату мүмкіндігіне ие болады.Егер де асықтарға тигізе алмаса бір өнерін көрсетіп береді.Балалар өз өнерлері бойынша қазақтың ұлыттық ойындарын айтып бір өнерін көрсетеді. Ойын әрі қарай жалғаса береді. Балалардың қызығушылығы арта түседі.